

А.Б. Манақбаева¹

*¹Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
Нұр-Сұлтан қаласы*

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КИНОИНДУСТРИЯ САЛАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫНА ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Аңдатпа

Мақалада қазақстандық киноиндустрияның қазіргі жағдайы мен даму мүмкіндіктері сипатталған. Қазақстанда кинокөрсетілімді іске асыратын ұйымдар қызметінің статистикалық деректері негізге алынып, елдегі кино саласының ағымдағы жай-күйі мен пайымына, сандық көрсеткіштері мен параметрлеріне талдау жүргізілді. Қазақстандық киноиндустрияның ағымдағы жағдайының мықты және әлсіз тұстары (SWOT-талдау) айқындалды. Сондай-ақ, Қазақстандағы нормативтік-құқықтық актілерге, мемлекеттік бағдарламаларға, сондай-ақ шетелдік және отандық ғалымдардың кино саласындағы еңбектері мен тұжырымдарына шолу жасалынды.

Kino.kz сайтындағы қазақстандық фильмдердің үлесін айқындау мақсатында авторлық сандық талдау жүргізілді. Отандық фильмдердің қазақстандық кинотеатрларда көрсетілу жиілігі мен олардың шетелдік фильмдермен қатынасы айқындалды. Адамдардың санасына әсер етудің мықты құралы ретінде киноның идеологиялық функциясы сипатталды.

Бұдан бөлек, Қазақстандағы дербес бір сала ретінде кинематографияны мемлекеттік қолдаудың ерекшеліктері мен мүмкіндіктері де қарастырылады. Талдау нәтижелері бойынша киноиндустрияны басқарудағы проблемалық аспектілер талқыланып, шешу және жетілдіру жолдары ұсыналады.

Түйін сөздер: кино, киноиндустрия, кинотеатр, прокат, кино саласын мемлекеттік қолдау.

А.В. Manakbaeva¹

*¹Academy of public administration under the President of the
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan*

SOCIOLOGICAL VIEW OF THE MODERN SITUATION IN THE KAZAKHSTANI FILM INDUSTRY

Abstract

The article discusses the current state and development opportunities of the Kazakhstani film industry. The analysis of the current state and vision of the film industry in the country is carried out on the basis of statistical data on the activities of organizations engaged in film screenings in Kazakhstan. The quantitative indicators and parameters of the film industry are also described. Strengths and weaknesses (SWOT analysis) of the current state of the Kazakhstani film industry are revealed. A review of regulatory legal acts, state programs, as well as scientific works and concepts of foreign and domestic scientists in the field of cinema was also conducted.

To determine the share with the dynamics of Kazakhstani films in cinemas, the author conducted his own quantitative analysis on the website kino.kz. The frequency of showing domestic films and their relationship with foreign films has been identified. The ideological functions of cinema as a powerful tool for influencing people's minds are described.

In addition, the article discusses the features and possibilities of state support for the cinema industry in Kazakhstan. Based on the analysis, problematic aspects of managing the film industry are discussed and ways to improve them are proposed.

Keywords: cinema, film industry, cinema, rental, state support for cinema.

А.Б. Манакбаева¹

*¹Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан
город Нур-Султан,*

СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ ВЗГЛЯД НА СОВРЕМЕННУЮ СИТУАЦИЮ В КАЗАХСТАНСКОЙ КИНОИНДУСТРИИ

Аннотация

В статье рассматриваются современное состояние и возможности развития казахстанской киноиндустрии. На основе статистических данных деятельности организаций, осуществляющих кинопоказы в Казахстане, проведен анализ текущего состояния и видения киноиндустрии в стране, также количественных показателей и параметров отрасли. Выявлены сильные и слабые стороны (SWOT-анализ) текущего состояния казахстанской киноиндустрии. Также был проведен обзор нормативно-правовых актов, государственных программ, а также научных трудов и концепций зарубежных и отечественных ученых в области кино.

Для определения доли с динамикой казахстанских фильмов в кинотеатрах автором проведен собственный количественный анализ на сайте kino.kz. Выявлены частота показов отечественных фильмов и их соотношения с зарубежными фильмами. Описаны идеологические функции кино как мощного инструмента воздействия на сознания людей.

Кроме того, в статье рассмотрены особенности и возможности государственной поддержки отрасли кинематографии в Казахстане. По итогам анализа обсуждаются проблемные аспекты управления киноиндустрией и предлагаются пути их совершенствования.

Ключевые слова: кино, киноиндустрия, кинотеатр, прокат, государственная поддержка кино.

Кіріспе

Бүгінгі күні нарықтық экономиканың дамуымен мәдениеттің элементі ретінде кино саласының маңызы арта түсуде. Жаһандану жағдайында киноиндустрия әлемдік деңгейде қарқынды дамып келеді. Экономиканың бір секторы ретінде киноиндустрия әлемдік қызметтер нарығының қуатты бөлігіне айналып, мемлекетке мультипликативті әсер береді.

Интертеймент саласының өнімі ретінде кино адамдарға арналған және әлеуметтік мәнге ие. Кино – қоғамның санасына әсер етуші, мәдениеттерді байланыстырушы, шынайылықты танытушы құрал. Кино арқылы ұлттың өнегелік-рухани негіздері, елдің табиғи-ландшафтық көрінісі, халықтың өмір салты әлемге танылады.

Әрбір дәуірдің өз талабына сәйкес кино сол заманның тарихи оқиғасын, адамдардың тағдырын, халықтың тіршілік қарекетін шынайы оқиғамен көрсетеді. Көркемдік және шығармашылық мүмкіндіктерге ие болу арқылы кино әдептік-өнегелік, тәрбиелік және эмоциялық қызметтерді жүзеге асырады, сол арқылы тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді.

Кез келген қоғамда кинематографияны әлеуметтік аспектілер тұрғысынан зерттеу шетелдік және отандық ғалымдардың қызығушылығын тудыруда. Неміс зерттеушісі Э.Альтенло ұсынған киноның әлеуметтанулық тұжырымдамасы фильмдерді шығару және тұтыну салаларының бірлігін, сондай-ақ бұқара халықтың көркемдік сұраныстары тұрғысынан кинопроцесті зерделеуді көздейді [1].

Итальяндық кинорежиссер, кино тарихшысы В.Тосидің пайымдауынша, уақыт пен кеңістікте болып жатқан қозғалыс барысында кинематографияның өзін де ғылыми зерттеудің құралы ретінде қарастыруға болады [2].

Кино арқылы мәдени жетістіктердің маңыздылығын ұлттық мемлекеттердің көшбасшылары да атап өткен және дамудың мемлекеттік стратегиялық құжаттарында сипатталған. Мәселен, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті «Рухани жаңғыру» бағдарламасында «*Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек*» [3] деп айқындап,

«Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында да қазақ ұлты өркениетінің үздіксіз дамуын көрсететін фильмдердің өндіріске енуіне [4] бастама берді.

Бүгінгі күні Қазақстанның мәдени дамуы жағдайында киноиндустрия саласын дамыту – мемлекеттік мәдени саясаттың басым бағыттарының бірі. 2014 жылы Қазақстан Президентінің Жарлығымен бекітілген Мәдени саясат тұжырымдамасында киноиндустрияны қазіргі заманғы мәдени кеңістіктің маңызды кластері ретінде дамыту басымдығы тұр [5]. Елдің тарихы мен мәдениетін әлемдік кеңістікке ендірудің ең тиімді амалы әлемнің жетекші кинокомпанияларымен және телеарналарымен ынтымақтаса отырып, кино өнерін дамыту арқылы іске асады.

Зерттеудің методологиясы

Мақалада зерттеудің теориялық және эмпириялық әдістер кешені қолданылды. Қазақстандағы кинематография саласының қазіргі жағдайы мен даму мүмкіндіктерінің күшті және әлсіз жақтарына (SWOT) талдау жасалынды. Статистикалық деректердің негізінде кино көрсету қызметтерінің динамикалық үрдісіне салыстырмалы талдау жүргізілді.

Саланың нормативтік-құқықтық базасына, мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттарға шолу жасалынып, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне назар аударылды.

Ағымдағы жағдайды талдау

Бүгінгі күні ғылыми-техникалық прогресс пен жаңа технологиялардың дамуы әлемде кинобизнесінің өркен жаюына ықпал етуде. Кинофильмдердің қолжетімдігі мен әлемдік аудиторияның көлемі ұлғайып, индустрияның бұқаралық деңгейі кеңейде, оның әлеуметтік және экономикалық мәні артауда. Ресейлік ғалым, экономика ғылымдарының докторы А. Аракелянның пайымдауынша, киноиндустрия жалпыәлемдік цифрлық ортаның бөлігіне айналып, тоқыма, азық-түлік, автомобиль сияқты өзге де өнеркәсіп салаларына елеулі әсер беруде. Кинобизнес біртіндеп жаһандық нарықта орын алуда [6].

Бүгінгі күні әлемде киноиндустрияның қарқынды дамуы мен экономика саласына әсер етудің сәтті үлгісін Америка Құрама Штаттары (АҚШ) көрсетіп отыр. Кино шығару үшін жаңа, озық технологияларды ендіру, киножобалардың қасалық жинағына менеджерлер еңбегінің оң ықпал беруі және өзге де факторлар коммерциялық табыстың жоғары деңгейіне жетуге ықпал етті [7]. АҚШ-та киноиндустрия құрылыс, энергетика, әскери өнеркәсіп, автомобиль жасау сияқты экономиканың классикалық салаларынан кем түспейді. Елдің Жалпы ішкі өніміне елеулі әсер етіп, жұмыс орындарын құрады, шетелдік капиталды жұмылдыруға ықпал етеді. Қонақ үй, мейрамхана индустриясы және бизнестің басқа да түрлерін дамытуға септігін тигізеді. Сонымен бірге, Германия, Франция, Үндістан елдері де киноиндустрия саласында прогрестің сәтті үлгісі болып табылады.

Киноиндустрияны мемлекеттік қолдаудың қазіргі жүйесі – мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты. Киноиндустрияны басқару жүйесін жетілдіру үшін бұл саладағы негізгі субъектілердің ерекшеліктерін ескере отырып, киноөндіріс және киноқызметтер нарығының қазіргі жағдайындағы үрдістерді жүйелі және кешенді ғылыми талдау арқылы қол жеткізуге болады.

Мемлекеттік деңгейде Қазақстанда кинематографияны қолдау бойынша белсенді шаралар қабылданды. Тәуелсіз Қазақстанның тарихында алғаш рет 2019 жылғы 3 қаңтарда «Кинематография туралы» Заң қабылданды. Бұл киноқауымдастық пен әрбір қазақстандық үшін тарихи оқиға. Отандық кино саланы тиімді басқару мен дамытуға бағытталған басты құжат.

Осы Заң кинематография саласындағы қызметтің құқықтық негіздерін айқындау, кинематографияны, ондағы қатынастарды мемлекеттік реттеу қағидалары мен тетіктерін орнату қажеттілігінен туындады.

Заңның негізгі қағидағары ең алдымен ұлттық кино өндірушілерді қолдауды, ұлттық киноның прокатта басымдыққа ие болуын, халық үшін кинематография туындыларының қолжетімділігін, қазақстандық киноның әлемдік кинонарыққа шығуын қамтамасыз етеді [8].

Аталған Заңның аясында 2019 жылғы 15 наурыздағы Үкімет қаулысымен «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Орталық) құрылды. Бұған дейін «Қазақфильм» акционерлік қоғамы жалғыз ұлттық кинокомпания ретінде қызмет етті. Бұл ретте, бірден-бір оператор ретінде Орталықтың құрылуы киножобаларды мемлекеттік қолдауда және қаржыландыруда нық қадамдарға жол ашады. Бұл орайда, Орталық

ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобалар мен ұлттық фильмдерге мемлекеттік қаржылық қолдау көрсетеді және кинематография саласындағы субсидияларды төлеуді, кино саласындағы мамандардың біліктілігін арттыруды және өзге де бағыттарда қызметін іске асырады. Орталық жанынан консультативті-кеңесші орган болып табылатын Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының жанындағы сараптама кеңесі құрылған. Бұл сараптамалық кеңестің құрамында 15-ке жуық кино саласының білікті мамандары мен сарапшылары шоғырланған [9].

Орталықтың тағы бір ауқымды жұмысы – субсидия беру. Осы Заңның 15-бабына сәйкес субсидия Қазақстан Республикасында фильм (фильмнің бір бөлігін, эпизодын) шығаруға байланысты тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құнын 30%-ға дейін өтеу жолымен беріледі. Бұл – әлемдік рибейт жүйесінің іске қосылуы. Қазақстанда фильм шығарған шетелдік киноөндірушіге оның өндірістік шығындарынан 30%-ға дейінгі сома көлемінде қайтарылады.

Бұл шара халықаралық кинонарыққа шығуға және шетелдік кинокомпанияларды тартуға ықпал ететін мықты серпін. Қазақстанның бірегей табиғи мүмкіндіктерін пайдалана отырып, шетелдік компаниялармен бірлесе жұмыс істеу елге келетін туристердің ағынын ұлғайта түседі, шетелдік инвестицияларды тарту арқылы экономикаға да әсер етеді.

Талдау барысында кинематография саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын айқындай келе, Қазақстандағы кинематография саласының қазіргі жағдайы мен даму мүмкіндіктері, күшті және әлсіз жақтары назарға алынды (кесте 1).

1-кесте. Қазақстандағы кинематография саласының ағымдағы жағдайына SWOT-талдау

Күшті жақтары	Мүмкіндіктер
<ul style="list-style-type: none"> - заңнамалық және институционалдық негіздің қалыптасуы; - прокатқа шығарылатын отандық фильмдер санының артуы; - отандық кинорежиссерлердің, операторлардың, актерлердің, жалпы авторлық құрамның белсенді жұмысы; - кино саласындағы мамандарды отандық ЖОО-да даярлаудың жетілген тәжірибесі; - рибейт жүйесінің іске қосылуы; - географиялық көркем локацияның болуы 	<ul style="list-style-type: none"> - мемлекеттік қолдау және қаржыландыру мүмкіндігі; - қазақстандық фильмдердің шетелдік, соның ішінде А санаттағы халықаралық фестивальдерге қатысу мүмкіндігі; - кино саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру; - болашақта (комедия, тарихи фильмдермен шектелмей) фэнтези, анимациялық фильмдер сияқты өнімдерді көбірек түсіру үшін техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету мүмкіндіктері
Әлсіз жақтары	Қауіптер
<ul style="list-style-type: none"> - өңірлік теңгерімсіздік – өңірлерде кинотеатрлар санының жеткіліксіздігі; - кинотеатрлардағы фильмдердің көрсетілу жиілігін мониторингілеудің жоқтығы; - отандық фильмдер сеансының шетелдік фильмдер сеансынан аз болуы; - отандық фильмдер жанрларының шектеулігі; - фильмдердің қазақ тіліндегі сапалы дубляжының болмауы 	<ul style="list-style-type: none"> - авторлық фильмдерге көрермендер тарапынан қызығушылықтың болмауы; - киножобаларды қаржыландыру үшін мемлекеттік қолдауға тәуелділіктің ұлғаюы; - өңірлерде кинотеатрлар санының аздығы кассалық жинақтың төмен болу салдарына әкелуі.

Ескертпе: кестені автор әзірлеген

Әлеуметтанулық, сондай-ақ мемлекеттік басқару тұрғысынан қазақстандық киноиндустрияның қазіргі жағдайына талдау жүргізгенде SWOT-талдаумен қоса, елдегі кинотеатрлардың саны, халықтың кинотеатрларға бару жиілігі, ондағы көрсетілген фильмдердің ішінде отандық фильмдердің үлесі сияқты сандық (статистикалық) параметрлерге де талдау жүргізу қажет.

Бүгінгі күні қазақстандық киноарықтағы көрсеткіштер ұлғайып келеді. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша статистикалық деректерге [10] сәйкес Қазақстанда 96 кинотеатр бар.

Бір жылдың ішінде өткізілген киносеанстардың саны – 746 мың. Оның ішінде 120 мыңы – ұлттық фильмдер, 165 мыңы – балаларға арналған киносеанстар.

Киносеанстарға келушілердің жалпы саны – 17 840,6 мың адам болса, оның 3 504,7 мыңы – балалар. 2018 жылы барлығы 271 фильм шығарылған.

Көрсетілген қызметтерден түскен табыс 2008 жылы – 3 800,9 мың теңге болса, 2018 жылы 18 428,8 мың теңгеге дейін, яғни 4,8 есеге артқан.

Сонымен қатар, жыл сайын кинотеатрға келушілердің саны артуда. 2008 жылы республика бойынша 238,491 адам болса, 2018 жылы 746 228 адамға жеткен.

Сонымен қатар, өңірлік деңгейде кинотеатрларға келушілердің саны төмендегі кестеде берілген. Ең көп келушілер Алматы, Астана қалалары мен Қарағанды облысында, ал ең аз келушілер Түркістан, Ақмола, Жамбыл облыстарына тиесілі екені байқалды (2-кесте):

2-кесте. Өңірлік деңгейде кинотеатрларға келушілердің саны, адам


Облыстар	2008 жыл	2018 жыл
Қазақстан Республикасы	238,491	746 228
Ақмола обл.	3,555	2 196
Ақтөбе обл.	2,240	17 821
Алматы обл.	454	28 951
Атырау обл.	6,884	9 583
Батыс Қазақстан обл.	16,005	35 703
Жамбыл обл.	1,478	4 601
Қарағанды обл.	20,427	42 207
Қостанай обл.	4,207	31 107
Қызылорда обл.	2,073	8 190
Маңғыстау обл.	7,496	25 801
Түркістан обл.	19,455	504
Павлодар обл.	20,061	27 120
Солтүстік Қазақстан обл.	2,760	20 843
Шығыс Қазақстан обл.	12,386	32 312
Нұр-Сұлтан қ.	49,302	132 999
Алматы қ.	69,708	288 824
Шымкент қ.	-	37 466

Дереккөз: [10]

Қазақстандағы кинотеатрларда көрсетілген фильмдердің ішінде отандық фильмдер үлесі мен кинолары жиі көрсетілетін шет елдерді анықтау мақсатында автор kino.kz сайтына контент-анализ жүргізіп, кинотеатрларда көрсетілген фильмдер бойынша тың деректер (жалпы статистикасы, киноны шығарған елдер және т.б. ақпарат) алынды.

Алдымен kino.kz сайтының архив бөлімінде 10 жылдық динамикадағы фильмдердің статистикасына назар аударылды. Салыстырмалы түрде сайтта қамтылған деректер бойынша 2010 жылы еліміздегі кинотеатрларда 246 фильм көрсетілсе, 2019 жылы 404 фильмге дейін артты (1-сурет) [11].

1-сурет. 2010-2019 жылдар аралығында кинотеатрлардан көрсетілген фильмдердің саны, бірлік



Дереккөз: kino.kz сайтындағы деректердің негізінде автормен жасалынды

Тұтастай алғанда, 2010-2019 жылдар аралығында кинотеатрларда барлығы 3 261 фильм көрсетілген. Олардың ішінде шетелдік фильмдердің арасынан АҚШ, Ресей, Франция, Ұлыбритания елдері жиі көрсетілгені айқындалды (2-сурет).


2-сурет. 2010-2019 жылдар аралығында көрсетілген фильмдердің елдер бойынша бөлінісі, бірлік



Дереккөз: kino.kz сайтындағы деректердің негізінде автормен жасалынды

Олардың ішінде жартысына жуығы (47%) АҚШ фильмдері – 1 522, одан кейін Ресей – 487, Франция – 298, Қазақстан – 248 Ұлыбритания – 209 елдері. Қалған 503-і – өзге елдердің қосындысы. Жалпы көрсетілген фильмдердің ішінде Қазақстанның үлесі – 7%. 10 жыл ішінде барлығы 242 қазақстандық фильм көрсетілді.


3-сурет. Елдер арасындағы бөлініс, бірлік



Дереккөз: kino.kz сайтындағы деректердің негізінде автормен жасалынды

Басқа елдермен салыстырғанда отандық фильмдердің үлесі төмендеу болғанымен, әрбір жыл сайынғы көрсеткіштерді салыстырған кезде, біртіндеп өсу байқалады. Мәселен, 2010 жылы бар-жоғы 11 фильм көрсетілсе, 2019 жылы бұл көрсеткіш 4 есе артып, 44-ке жеткен (4-сурет).

4-сурет. Қазақстанның кинотеатрларында көрсетілген қазақстандық фильмдердің саны, бірлік



Дереккөз: kino.kz сайтындағы деректердің негізінде автормен жасалынды

Талдау барысында соңғы екі жылда отандық фильмдердің қазақстандық кинотеатрларда көрсетілу жиілігі артқаны байқалады. Орташа есеппен алғанда ай сайын 3-4 фильмнен көрсетіліп отырған. Бұл оң үрдіс жалғасын табатын болса, қазақстандық фильмдердің сандық және сапалық көрсеткіштеріне қол жеткізуге ықпал етеді.

Киноиндустрияның сандық параметрлері қарқынды өсіп жатқан кезеңде отандық фильмдердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру саланың стратегиялық даму мақсатына айналады. Бұл кезеңде тек мемлекет қана емес, бизнес те, киноқауымдастық та бірлесе жұмыс істеуі маңызды. Мемлекет пен бизнес (кинонарық) арасында мазмұнды, конструктивтік диалог орнауы жөн. Ең алдымен қазақстандық киноның идеологиялық мәні де басты назарда болуы тиіс. Бүгінгі күні қазақстандық ғалымдардың (О. Борецкий, Л. Ким) пікірінше, қазақстандық кино жас ұрпаққа елеулі әсер етіп, киноның мағыналық кеңістігі үш басты трендте көрініс табады. Біріншісі – идеологиялық мәндегі фильмдер (мысалы, «Путь лидера», «Так сложились звезды», «Дорога к матери» фильмдері), екіншісі – коммерциялық кино («Бизнес по-казахски,

«Брат или брак») және үшіншісі – авторлық кино (отбасылық, өмірлік құндылықтар, әлеуметтік мәселелерді көтеретін фильмдер («Уроки гармонии») [12].

Бұл санаттағы фильмдердің барлығы қоғамда өз орны мен аудиториясын таба алады ма? Ол фильмдердің әлеуметтік топтар арасында қаншалықты қызығушылыққа ие болатыны маңызды.

Тағы бір қарастыратын өзекті мәселе – фильмдердің мониторингі. Кинотеатрларда көрсетілген фильмдердің жиілігі, көрушілердің әлеуметтік портреті, прокаттан түскен қаражат мөлшері – бұның барлығы ашық болуы тиіс. Кинотеатрлардағы фильмдердің көрсетілуі, кассалық жинақ, аудиторияның әлеуметтік портреті сияқты әлеуметтік талдаудың үздік тәжірибесі Ресей Федерациясына тиесілі. Ресейдің отандық кинематографиясын әлеуметтік және экономикалық қолдаудың федералдық қоры (Кино қоры) бірнеше жылдан бері фильмдерді жүйелеу және есепке алу мақсатында Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесі жұмыс істейді [13]. Бұл ақпараттық жүйенің міндеті – ресейлік кинотеатрлардың кинозалдарында фильмдердің бұқаралық көрсетілуі туралы мәліметтерді жинақтау, есепке алу және өңдеу. Кино қорының ресми-интернет ресурсы, сондай-ақ арнайы мобильдік қосымшаларды телефонға жүктеп алу арқылы кез келген ниет білдіруші бұл мәліметтерді көре алады.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда осыған ұқсас ақпараттық жүйені іске қосу бойынша Ұлттық киноны мемлекеттік қолдау орталығы тиісті жұмыстар жүргізуде. Фильмдерді есепке алу, жүйеге келтіру және мониторингілеу мақсатында Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйенің қажеттігі кинематография туралы Заңның 11-бабында көрсетілген.

Аталған ақпараттық жүйе – елдегі кинотеатрлардың қызметін реттеуге, олардың жұмысын ашық әрі қолжетімді етуге ықпал ететін арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету мүмкіндігі. Ақпараттық жүйе арқылы киноны өндірушілер фильмдердің прокатынан қанша қаражат табыс табатынын нақты білуге болады. Сонымен қатар, бұл жүйеде елдегі кинотеатрлардың, залдардың, сеанстардың нақты саны, кассалық жинақтар, билеттің орташа бағасы, киноаудиторияның әлеуметтік-демографиялық параметрлері сияқты ақпарат қамтылады. Осының арқасында кинотеатрлар нарығы ашық болып, отандық киноның дамуына жақсы серпін береді.

Дегенмен де, отандық киноиндустрия әлі де қазіргі заманғы нарықтық тетіктер мен инвестициялық шешімдердің негізінде дами алатын экономиканың жеке дербес саласына айнала алмай отыр. Киноиндустрияны дамытудағы қадамдардың жүзеге асырылуына қарамастан әлі де бірқатар жүйелі шешімдерді талап ететін өзекті проблемалық мәселелер де бар.

Қазақстанда шығарылып жатқан фильмдердің кейбір бөлігі шетелдік фильмдердің сапасынан әлдеқайда қалып жатыр. Бұл түсірілім, монтаж, арнайы әсерлерді пайдалану сияқты үрдістер тұрғысынан да байқалады. Көбінесе прокатта комедиялық фильмдер басым. Бұл ретте, фильмдерді қаржыландыру көлемін арттырумен тоқталмай, отандық фильмдердің сапасының артуына да жүйелі мән беру қажет. Киноөндіріске көп ресурстар тарту арқылы жоғары деңгейдегі кинокартиналарды шығаруға мүмкіндік тудырған жөн.

Киноиндустрияда адам ресурстарын дамыту да басым бағыт болып табылады. Ол киноиндустрия саласының кадрларын даярлау жүйесін жетілдіру және бұл саладағы кадрлардың құзыреттілігін арттыру арқылы жүзеге асырылады. Елдегі кинематография саласы бойынша жоғары оқу орындарында даярланатын болашақ мамандардың біліктілік сапасы, олардың еңбек нарығындағы орны немесе тапшылығы сияқты мәселелер де назардан тыс қалмауы керек. Дарынды кино шеберлері, режиссерлер, сценаристер, актерлер заманауи дамыған киноиндустрия үшін жеткілікті болуы тиіс. Киноиндустрияның инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында шетелдік инвесторлармен жұмыс жасау барысында тілдік кедергілер байқалады. Мұны болдырмау үшін кино сала үшін кадрлар дайындау жөніндегі білім беру бағдарламаларында ағылшын тіліндегі пәндердің үлесін арттырған жөн.

Жалпы, киноөнімдер мен бұл саладағы көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру жөнінде жұмыстарды жалғастыру орынды. Табысты әрі қолайлы кинонарықты құру үшін дамыған жүйе мен инфрақұрылымның болуы қажет, бұл жағдайда кино кедергілері аз болып, көрермендер саны мен тартымдылығы арта береді.

Қорытынды

Киноиндустрия – елдің санасына әсер етуші, мәдениетін дамытушы бірегей сала. Кинематограф қоғамда, мемлекетте болып жатқан әлеуметтік, саяси, экономикалық процестерді көрсете алатын бұқаралық заманауи өнер. Ол тек процестерді экран арқылы көрсетіп қана

қоймай, халықтың өнегелік құндылықтарын, ұлттық және мәдени біртектілігін қалыптастыруға белсене қатысады. Ұлттық бірегейлік тек тарихи фильмдерден ғана емес, қазіргі заман немесе болашақ туралы фильмдерден де көрініс табады, себебі халықтың этно-мәдени құндылықтарымен жұмыс істелгені байқалады [14].

Тұтастай алғанда, кино өнімі мемлекеттің жағымды имиджін қалыптастыруға ықпал етуші мықты құрал. Бұл құрал арқылы отандық экономикаға елеулі әсерін тигізіп, елдің бәсекеге қабілеттілігін барынша арттыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жабский М.И., Тарасов К.А. *Российская социология кино в контексте развития общества*//Социологические исследования. № 11, 2019.

2. Virgilio Tosi. *Cinematography and scientific research*. UNESCO 1977. Электрондық ресурс. Қолжетімділік режимі: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000020983>.

3. 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы. Электрондық ресурс. Қолжетімділік режимі: akorda.kz.

4. 2018 жылғы 21 қарашадағы «Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламасы. Электрондық ресурс. Қолжетімділік режимі: akorda.kz.

5. «Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 939 Жарлығы. Электрондық ресурс. Қолжетімділік режимі: <http://adilet.zan.kz>.

6. Аракелян А.М. *Механизмы государственной поддержки услуг киноиндустрии в Российской Федерации на основе международного опыта* // Экономика и сервис. 2017 № 3 (11).

7. Иванова В.В., Хамитова В.С. *Совершенствование системы государственной поддержки киноиндустрии РФ на примере опыта США*//Экономические исследования. 2012.

8. 2019 жылғы 3 қаңтардағы «Кинематография туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Электрондық ресурс. Қолжетімділік режимі: <http://adilet.zan.kz>.

9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығын құру туралы» 2019 жылғы 15 наурыздағы № 113 қаулысы. Электрондық ресурс. Қолжетімділік режимі: <http://adilet.zan.kz>.

10. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің ресми-интернет ресурсы// Электрондық ресурс. Қолжетімділік режимі:

https://old.stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersCulture?_afzLoop=15704099368282429#%40%3F_afzLoop%3D15704099368282429%26_adf.ctrl-state%3D4xeqywhjs_38. Қаралған мерзімі: 13.03.2020 ж.

11. kino.kz сайтының электрондық ресурсы. Қолжетімділік режимі: https://www.kino.kz/movies_list. Қаралған мерзімі: 14.01.2020 ж.

12. Борецкий О. Ким Л. *Новое поколение: перезагрузка смыслов*// Казахстан-Спектр. Научный журнал. 2017/4 (82).

13. Кинозалдарда фильмдерді көрсету мәліметтерінің Бірыңғай Федералдық автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің интернет ресурсы. Электрондық ресурс. Қолжетімділік режимі: // <http://ekinobilet.fond-kino.ru/>

11. Абикуева Г.О. *Образ семьи в кинематографе Центральной Азии в контексте формирования культурной идентичности в регионе*. Электрондық ресурс. Қолжетімділік режимі: <https://dlib.rsl.ru/viewer/01004614329#?page=3>.

References

1 Zhabski M.I., Tarasov K.A. *Rossiskaya sociologiya kino v kontekste razvitiya obshchestva*//Sociologicheskie issledovaniya. № 11, 2019.

2. Virgilio Tosi. *Cinematography and scientific research*. UNESCO 1977. Elektronduyк resurs. Qolzhetimdilik rezhimi: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000020983>.

3. 2017 zhylygy 12 sauirdegi «Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru» memlekettik bardarlamasy. Elektronduyк resurs. Qolzhetimdilik rezhimi: akorda.kz.

4. 2018 zhylgy 21 garashadagy «Uly dalanyn zheti gyry» memlekettik bardarlamasy. Elektron dyq resurs. Qolzhetimlilik rezhimi: akorda.kz.
5. «Qazaqstan Respublikasynyn мәдени sayasatynyn tuzhyrymdamasy turaly» Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniң 2014 zhylqy 4 qarashadaqy № 939 Zharlygy. Elektron dyq resurs. Qolzhetimlilik rezhimi: <http://adilet.zan.kz>.
6. Arakelyan A.M. Mekhanizmy gosudarstvennoj podderzhki uslug kinoindustrii v Rossijskoj Federacii na osnovne mezhdunarodnogo opyta // Ekonomika i servis. 2017 № 3 (11).
7. Ivanova V.V., Hamitova V.S. Sovershenstvovanie sistemy gosudarstvennoj podderzhki kinoindustrii RF na primere opyta SSHA//Ekonomicheskie issledovaniya. 2012.
8. 2019 zhylgy 3 qantardagy «Kinematografiya turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Zany. Elektron dyq resurs. Qolzhetimlilik rezhimi: <http://adilet.zan.kz>.
9. Qazaqstan Respublikasy Ukimetinин «Ultyq kinony qoldau memlekettik ortalygyn quru turaly» 2019 zhylgy 15 nauryzdagy № 113 Qaulysy. Elektron dyq resurs. Qolzhetimlilik rezhimi: <http://adilet.zan.kz>.
10. Qazaqstan Respublikasy Ultyq ekonomika ministrliginiң Statistika komitetiniң resmi-internet resursy// Elektron dyq resurs. Qolzhetimlilik rezhimi: https://old.stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersCulture?_afLoop=15704099368282429#%40%3F_afLoop%3D15704099368282429%26_adf.ctrl-state%3D4xeqywhjs_38. Qaralğan merzimi: 13.03.2020 zh.
11. kino.kz sajtyнын elektron dyq resursy. Qolzhetimlilik rezhimi: https://www.kino.kz/movies_list. Qaralğan merzimi: 14.01.2020 zh.
12. Boreckij O. Kim L. Novoe pokolenie: perezagruzka smyslov// Kazahstan-Spektr. Nauchnyj zhurnal. 2017/4 (82).
13. Kinozaldarda fil'mderdi korsetu мәlimetterinin Biryngai Federaldyq avtomattandyryлған aqparattyq zhyjesiniң internet resursy. Elektron dyq resurs. Qolzhetimlilik rezhimi: // <http://ekinobilet.fond-kino.ru/>
11. Abikeeva G.O. Obraz sem'i v kinematografe Central'noj Azii v kontekste formirovaniya kul'turnoj identichnosti v regione. Elektron dyq resurs. Qolzhetimlilik rezhimi: <https://dlib.rsl.ru/viewer/01004614329#?page=3>.